



Президент Жолдауы – ел мүддесі

Энергетикалық қауіпсіздік кепілі

Президенттің мәні мен мағынасы зор кешегі Жолдауында көтерілген ғаламдық мәселе – электр энергиясының тапшылығы. Осы бір түйткілді мәселені жоюдың бірден-бір жолы – Қазақстанға АЭС салу.

Жасыл экономиканың бір тармағы – АЭС. Қазір елімізде ғана емес, әлемде декарбонизация процесі жүріп жатыр. Өкінішке қарай, бізде көмір энергетикасы басымдыққа ие болып келді. Оның да құрылғылары ескірген, тозған. Жаңа құрылыс нысанын салудың да өз қиындығы бар. Оған қомақты қаражат керек. Көгілдір отынға да шектеу бар. Сондықтан, бізде АЭС салудан басқа таңдау шектеулі. Қазақстан уран отынын өндіру бойынша бірінші орында. Бүгінде шикі өнімді шетелге шығарып жатырмыз.

Бізге білікті мамандар да, қаржылық әлеует те жеткілікті. Ұлттық ядролық орталығы, Ядролық физика институты жұмыс істейді. Олар ұзақ жылдар бойы атом реакторларын пайдаланып келе жатыр, ал, бұл реакторлар атом электр станцияларынан айтарлықтай өзгеше емес.

Қазақстанға АЭС салуы мүмкін төрт елдің бірі – Францияда АЭС-тің жұмыс істеп келе жатқанына – 50 жыл. Мұнда осы уақытқа дейін ешқандай оқыс оқиға тіркелген жоқ. Бізде таңдалған аймақтар сәйкесмақалы аймаққа жатпайды.

АЭС-те су ішкі айналымда және сыртқы айналымда ғана қолданылады. Артық булану болмайды. Бұрын АЭС салуға қарсы болдық. Қазір қолдауымыз керек. Өйткені, қазір заман өзгерді. Көмірқышқыл газы өте қымбат. Шетелде бір тоннасына 200 доллар, ал, бізде 6 доллар төлеу керек. Екіншіден, АЭС бар елден ешкім оза алмайды. Әсіресе, біз уранды таблетка түрінде өңдейтін еліміз. Яғни, бізде атом энергетикасын өндіруге пайдаланатын дайын өнім бар.

Елімізде АЭС салынса, онда жұмыс істей алатын мамандардың біршамасы – Ядролық физика институтында. Мұнда ядролық физика мен радиациялық қатты дене физикасы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер мен ядро-физикалық тағдыр әдістерін зерттеу және қолдану, сондай-ақ, өнеркәсіп және медицина үшін радиоизотопты өнімдерді өндіру мен атом энергиясын пайдалану жұмыстары атқарылады. Ядролық физика институтында болашақта Қазақстанда салынатын АЭС-тің құрылымына ұқсас «су-су Қазақстан реакторы» (ССР-Қ) қондырғысы 60 жылға жуық жұмыс істеп келеді. Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиявтің айтуынша, бүгінде Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің (МАГАТЭ) АЭС пен атом реакторларына қоятын талабы бірдей. Ал, әлемдегі ең қауіпсіз АЭС түрі – су-су энергетикалық реакторының құрылымы Қазақстанда салынатын АЭС-тің құрылымы іспеттес. Біздің институтты Қазақстанда салынатын АЭС-тің прототипі десек болады. Электр энергиясын кім арзан және экологиялық тұрғыдан таза түрде алады, сол ешкімге тәуелді болмайды. Бұрын-соңды ең арзан деп есептелген көмір энергиясы қазір тиімсіз. Себебі, әлем елдерінде де мұның қоршаған ортаға, адам өміріне кері әсері туралы айтылып жүр. Ал, жасыл энергетикаға жататын күн мен жел энергиясы – тұрақсыз. АЭС – базалық электр энергия. АЭС салатын компанияның барлығы алғашқы 60 жылға кепілдік береді. Шын мәнінде, 100 жыл уақыт дерлік үздіксіз электр энергиямен қамтамасыз ете алады.

Дулат БЕСБАЕВ, Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжінің оқытушысы

Облыс әкімінің жұмыс сапары

Еселі еңбектің өтемі – мол өнім

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биыл елімізде егіс және егін жинау жұмыстарына 580 млрд теңге көлемінде рекордтық қаржы бөлінгенін айту керек. Одан бөлек, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке саптып алуға бағытталған сома да бес есеге ұлғайтылды. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау аграрларға егіс науқанын сәтті өткізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қарағанды облысында да егін жинау науқаны аяқталуға жақын. Атап айтқанда, жалпы көлемі 900 мың гектардан астам алқапта егін жиналуда. Сіңірілген дақылдың бір талын шашау шығармай, жинап алу үшін еңбек етіп жатқан егіншілердің еңбегін көзімен көріп, жұмыстарын қадағалап қайтты аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.



Салтанат ІЛНИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауа райы қолайлы болса, жиын-терім қыркүйектің соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Ермағанбет Қабдулаулы Абай ауданындағы екі ірі шаруашылықта болды. Соның бірі – «Шанс» шаруа қожалығы. Өңірде алғашқылардың бірі болып, картоп жинауды аяқтаған шаруа қожалығының басшысы Игорь Жабяк биылғы өнім

көңілден шығатынын айтады. – Өр гектардан орта есеппен 300 центнерден көкөніс жинап жатырмыз. Бұл соңғы нәтиже емес. Астық жинау жалғасуда. Биылғы көрсеткіш жақсы болатынына сеніміміз мол, – дейді кәсіпкер.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИГАЛЫМ

АЭС – жаңа мүмкіндіктер


Келешек ұрпақтың жарқын болашағы

АЭС арқасында экономика гүлденеді, инновациялық жобалар көбейеді, нәтижесінде еліміздің инвестициялық климаты жақсарып, әлеуметтік-экономикалық сала қарқынды дамиды. Атом энергетикасын бейбіт мақсатта қолдана отырып, еліміздің халықаралық аренадағы позициясы нығаяды.

Таза әрі үздіксіз қуат көзі

Ал, енді талдайтын болсақ, АЭС дегеніміз – электр энергиясын алу. Мәселен ЖЭО-нан, көмірден, судан, желден, күннен де энергия аламыз. Ал бұл жерде атом реакцияларының әсерінен энергия алу. Мұндағы негізгі бөлшек – атом. Атомдар тізбектік реакцияға түсіп, жылу бөлінеді. Атом энергетикасының құрылымына келсек, бұл арада атом реакторы жұмыс істейді. Яғни, уран қолданылады да, ураннан жылу бөлінеді. Жылу жібергіш құбырлар арқылы АЭС-тің бірінші контурына барады. Бұл жерде қысым қолданылғандықтан су қайнамайды. Артынша, жылу екінші контурға беріледі. Ол жақтағы су қайнап бұға айналады. Бұл бу турбиналарға бөлініп, электр энергиясын генерациялайтын құрылғыдан электр энергиясы алынады. Бұл энергия – таза әрі үздіксіз қуат көзі.

Қазіргі таңда барлық жерде айтылып жатқандай энергетиканың болашағы бұлыңғыр. Қарапайым мысал, Екібастұздағы жағдайды еске алайық. Соңғы мәліметтер бойынша энергетика өндіретін электр қондырғылардың, линиялардың 70%-ы тозған. Одан бөлек Қазақстан қазіргі таңда әртүрлі келісімшарттарда отыр. Мәселен, дүниежүзілік декарбонизация арқылы бүкіл әлемде таралып жатқан көмірқышқыл газдарын азайту мақсатында келісімшарттарға қол қойылып жатыр. Өрине, қазіргі таңда бізде көмір қоры өте көп. 300 жылға жететін



көмір бар. Оны жағып отыра берсек те болады. Бірақ та, аталған келісімшарттардың арқасында біздің нарыққа шығаратын заттарымызға өте үлкен салық мөлшерлесімен кесірі тиіп кетуі мүмкін. Бұл біздің елдегі қымбатшылыққа әкеліп соғады. Жылдан-жылға электр энергиясын тұтыну көбейіп келе жатыр. Былтырғы көрсеткіштер бойынша бізде 16 ГВт электр энергиясын тұтынып отырмыз. Бұл жыл өткен сайын көбеймесе, азаймайты-

ны анық. Елдегі энергетиктердің, экономика саласының мамандардың болжауы бойынша 2035 жылы осыншама энергия жетіспеушілігі болады деген пікір бар. Олардың баламалы энергия көздерінің де шамасы жетпей жатса, энергияны қайдан аламыз деген тақырыпты қозғауы да берек емес. Өр генерацияның өз орны бар. Баламалы энергия көзін базалық энергия көзі ретінде ала алмаймыз. Сол себепті де, АЭС салу қажет.

Қоршаған ортаға және экологияға еш зияны жоқ

Оны экологтар да растап, дәйекті дәлелдермен дәлелдеп-ақ жүр. Мен эколог емес инженер ретінде айтатын болсам, мамандар АЭС тақырыбын қозғамас бұрын қоршаған ортаға еш кері әсерінің болмауын негізге алады. Бұл – негізгі басты қағидаттың бірі. Бұл тақырыпты көптеген институттар, дүниежүзілік университеттер, зертханалар зерттеген. Оның ішінде, АЭХА-ның (Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттік «МАГАТЭ») зерттеулері де қаншама. Радиоактивті қалдықтардың шығып кету қаупіне қатысты қаншама дәлелдемелер бар. Құрылыс кезінде және де пайдалану кезінде технологиялардың барлығын сақтай отырып салынса, қоршаған ортаға ешқандай зияны болмайды. Мәселен, энергия дозасы деген нәрсе болады. Сіз бен біздің күнделікті ауадан, күннен алатын энергияның мөлшері болады. АЭС-тен алатын энергия әсері де дәл сондай. Адам құрамында калий бар бананды жеп те көп доза алады. Апатты жағдайларды есептесек, доза мөлшері АЭС маңында да және барлық жерде бірдей. Апатты жағдайдың болу ықтималдығы 10-7-ге тең. АЭС-тен шығатын радиоактивті қалдық өте аз. Оны тұрмыстық қалдық секілді алып, АЭС шетіне апарып көме салу, суға ағызып жіберу деген дүниелер мүмкін емес нәрсе. Радиоактивті қалдықтарды ешқандай тығып та қоя алмаймыз. Тығып қойғаннан өзінде де, АЭХА-ның спутниктік қондырғылары өте сезімтал болып келеді. Оны көмген жерге тастасақ, бірден білініп қалады нәрсе. Өзімізді алдап не керек? Сондықтан да, оның өзіндік сақтайтын регламенті бар. Реактордың жұмыс өтілі біткеннен кейін қалдықтардың жылу бассейндеріне салып қоямыз. Өрине, уранның жартылай ыдырау периодынан кейін қауіпті болуы мүмкін. Бірақ, оның өзіне 4,5 миллион жыл қажет болады.

► 2-бет



Жаңа бастамаларға батыл қадам

Кеншілер өлкесіндегі корей этномәдени бірлестігінің құрылғанына – 35 жыл. Мерейтойлық іс-шараларға қатысуға Корея Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжо Тэ-ик арнайы Арқа жеріне келді. Мереке қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құрметті қонақты қабылдап, ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

қосу мәселесі пысықталып жатыр. Ғылыми байланыстар да дами түсуде. Биыл Қарағанды техникалық университеті Конджу Ұлттық университетімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы Қарағанды Сеулдегі Сонг Па округінің бауырлас қаласы екенін еске салды. Бұдан бөлек, 2010 жылдан бастап, Ульсан метрополисымен ынтымақтастық туралы келісім бар екенін атап айтқан жөн.

Облыс аумағында корей диаспорасының 11,5 мыңнан астам өкілі бейбіт өмір сүріп, өніп-өсуде. Кеншілер астанасындағы корей этномәдени бірлестігі – республикамыздағы корейлердің алғашқы мәдени орталықтарының бірі және бірлестік табысты жұмыс атқарып келеді.

Чжо Тэ-ик мырза Қазақстанның Орталық Азиядағы стратегиялық маңызды серіктесі екенін айрықша атап өтті.

– Биыл елдеріміз арасында дипломатиялық қатынастар орнағанына 32 жыл толып отыр. Корея Республикасы Орталық Азия елдеріне қатысты жаңа стратегияны бекітті. 2025 жылы «Корея – Орталық Азия» саммитін өткізу жоспарлануда, – деді Чжо Тэ-ик мырза.

Ол сонымен қатар, аймақтық деңгейде экономика һәм гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтіп, бірлесе жұмыс істеуге сенімді екенін жеткізді.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



– Облысымызда корей елінің капиталының қатысуымен алты кәсіпорын жұмыс істейді. Біз осы бекем қарым-қатынасты нығайтып, одан әрі дамытудың зор әлеуетін көріп отыр-

мыз. Мысалы, индустриялық аймақ аумағында Silk Road Electronics компаниясымен бірлесіп, Samsung брендімен теледидарлар мен автоматты кір жуғыш машиналар өндірісін іске

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өңірде кадрлық өзгеріс

Теміртау қаласының бұрынғы әкімі Ораз Тәуірбеков Қарағанды облысы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Кадрлық өзгеріс туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аппараттық жиында хабарлады.



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

– Құсайын Ерлан Бейсебайұлы басқа жұмысқа тағайындалуына байланысты атқаратын қызметінен босатылды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Ораз Қайсайұлы Тәуірбеков облыс әкімінің орынбасары болып тағайындалды, – деді аймақ басшысы.

Енді Ораз Тәуірбеков облыс әкімінің орынбасары лауазымында денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне жетекшілік ететін болады.

Ораз Тәуірбеков салық қызметінде жұмыс істеп, салық инспекторы қызметінен бірнеше өңірдегі облыстық басқармалар-

дың басшысына дейінгі жолдан өткен. Сонымен қатар, коммерция саласындағы басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар.

Жеті жыл Қарағанды облысы Тексеру комиссиясының мүшесі болып жұмыс істеген.

Ораз Тәуірбеков Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасын, қайта құрылғаннан кейін облыстық экономика басқармасын басқарды. Балқаш қаласының әкімі болған.

2022 жылдың қыркүйегінен бастап, осы лауазымға тағайындалғанша Теміртау қаласының әкімі қызметін атқарды.

Жобалар жоспарға сай

Аймақта мүгедектігі бар адамдардың 53%-ы еңбекке қабілетті. Оларды жұмыспен қамту – жергілікті атқарушы билік өкілдері міндеттерінің бірі. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кешегі аппарат жиынында мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту шараларын жандандыруды тапсырды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекованың айтуынша, жұмысқа қабілетті мүгедектігі бар 29 606 адам тіркелген, оның 10 980-і жұмыспен қамтылған.

– Мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылу үлесі – 37,1%. Республика бойынша көрсеткіш – 28,2%. Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту үшін 2-4% квота белгіленген. Квотаға сәйкес 143 адам жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, жұмыс берушілер тарапынан есту кемістігі бар адамдар үшін 11 арнайы жұмыс орны ашылды, – деді басқарма басшысы.

Әсем Жүніспекова жұмыспен қамту шараларымен 1 121 адам қамтылғанын, оның 800-і жұмысқа орналастырылғанын айтты.

– Бос жұмыс орындарына 358 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 15 адам, қоғамдық жұмыстарға 290 адам жіберілді. Сонымен қатар, «Күміс жас» жобасымен – 106 адам, «Жастар практикасы» бойынша 16 адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасымен 14 адам жұмыс тапты. «Бастау Бизнес» жобасы аясында 251 адам кәсіпкерлік негіздерін оқыды, оның 172-сі сертификаттарын алды. Қысқамерзімді курстарға 25 адам жіберілді. Оның барлығы 3 топ мүгедектігі бар жандар. Әлеуметтік аз қамтылғандар арасында биыл 61 грант берілген. Оның 44-і мүгедектігі бар жандар болса, 17-сі мүгедек адамға күтім жасайтын тұлғалар, – деді ол.

Қазіргі таңда террикон алқабындағы IT базада мүгедектігі бар адамдар үшін жаңа жоба жүзеге асырылып жатқанын айта кету керек. Жоба барысында 300 адам осы саладағы мамандықтарды игеріп шығады. Оқытудың бірінші легі аяқталды. Осы аптада екіншісі басталады. Әсем Айтжанқызы бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табатынын жеткізді.

Сонымен қатар, аппараттық жиында аймақтағы тұрғын үй құрылысының барысы туралы



айтылды. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқарма басшысы Мұрат Мағзин баяндады.

Облыс бойынша биыл 500 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 18,2%-ға артық.

– Сегіз айда 330,933 мың шаршы метр іске қосылды. Жалпы, барлық қаржыландыру көздерінен салынатын тұрғын үйдің 376,6 мың шаршы метрі, яғни, 3 407 пәтер коммерциялық, 51,4 мың шаршы метрі – 534 пәтер мемлекеттік тұрғын үй және 72 мың шаршы метр 393 пәтер жеке тұрғын үй болмақ. Биыл тұрғын үй құрылысы іс-шараларын іске асыру үшін 23,6 млрд теңге сомасында қаражат бөлінді. Оның ішінде, дайын жалға берілетін тұрғын үйді сатып алуға 16,7 млрд теңге, кредиттік тұрғын үй құрылысына 5 млрд теңге қарастырылған, – деді басқарма басшысы.

Белгілі болғандай, Қарағандыда – бес, Балқаш қаласында екі, Абай қаласында бір кредиттік тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр. Ол аяқталған кезде 633 кредиттік пәтер пайдалануға беріледі. Кредиттік тұрғын үйді сату «Отбасы банкі» арқылы жүзеге асырылатынын ескерген жөн. Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен жалдамалы бес тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр. Оған 1,1 млрд теңге сомасында қаражат бөлінді. Бұл Саран, Шахтинск қалалары мен Қарқаралы, Осакаров, Ақтоғай аудандарында. Нысандардың құрылысы аяқталған кезде 790 пәтер жалға беріледі.

– Әлеуметтік тұрғындар осал тобы санатындағы кезекте тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында осы

жылы 1733 пәтер пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Оның ішінде, 382 пәтер – жалға беруге, 233-і – кредиттік пәтер, 1 118 пәтер сатып алынады. Биылдан бастап, жалға берілетін тұрғын үй жеке құрылыс салушылардан сатып алынады. Бұл мақсатта 16,7 млрд теңге бөлінген. Халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы кезекте тұрған отбасылар үшін 1 118 жалға берілетін пәтер сатып алуы жоспарлан отырмыз. Бүгінгі таңда 548 дайын пәтерге конкурстық рәсімдер жарияланды, – деді Мұрат Сәкенұлы.

Аталған конкурстар тоғыз аймақта жүргізіліп жатыр. Қарағанды бойынша 335 пәтер, Теміртауда – 16 пәтер, Сараннан – 110, Приозеректе – 8, Бұқар жырау ауданында – 10, Нұрда – 7, Осакаровта – 18 және Шет ауданында 30 пәтер сатып алынады. Конкурс қорытындысы бойынша Шет, Бұқар жырау және Нұра аудандарында 31 пәтер сатып алынды.

Бұл ретте Ермағанбет Қабдулаұлы тұрғын үй құрылысы жоспары орындалуын тапсырды.

– Құрылыс жұмыстарының уақытылы әрі сапалы болуын қамтамасыз ететін шаралар қабылданырлар. Бұл құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына және аудандар мен қалалар әкімдеріне тапсырма. Қай жерде кездесу өткізсек те, халықтың көп сұранысы осы тұрғын үймен қамту мәселесі. Сондықтан, ол – шешілуі тиіс негізгі мәселелердің бірі, – деп атап өтті облыс әкімі.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Келешек ұрпақтың жарқын болашағы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық Экономикалық Комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) ұйғарымымен, тек осы атом энергетикасы ғана парниктік газды ең аз бөлетін энергия түрі деп бекітілген.

Ал, одан өзге энергия түрлері, мәселен, көмір – 820 грамм/кВт/сағ (СО2 баламасы), табиғи газ – 490 грамм, су электр станциялары – 24 грамм, СЭС (күн концентраторы) – 48 грамм, атом – 12 грамм бөледі.

Атом энергиясы – қазіргі жаһандық жылынумен күресу құралдарының негізі. Мысалы, Еуропадағы атом электр станциялары жыл сайын 700 миллион тонна СО2 шығарындыларын болдырмайды.

Атом электр станциясын салудағы басты негізгі басымдық пен принциптің бірі – оның қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауы. Алдын ала бағалаулар жүргізілген болатын. Нәтижесінде, атом электр станциясын салу және оны пайдалану кезінде Балқаш көлі немесе Ертіс өзенінің экожүйесіне ешқандай қауіптерді анықтаған жоқ. Мұнымен жұмыс техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу кезеңінде ғылыми және инженерлік мамандар жан-жақты зерттеу жүргізетін болады. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше 2021 жылғы қыркүйектегі жағдайға сәйкес, Ертіс өзені бассейнінің су ресурстары 30,4 млрд м3 құрайды. Атом электр станциясының технологиялық циклі кезінде судың булануынан болатын шығын жылына шамамен 63 млн м3 деп бағаланды (қуаты 2400 МВт атом электр станциясы үшін). Бұл жағдай су ресурстарымен салыстырғанда пропорционалды түрде әлдеқайда аз. Осыған байланысты атом электр станцияларының су тұтынуы Ертіс өзені бассейнінің жағдайына айтарлықтай әсер етпеуі керек деген болжам жасалды.

Балқаш-Алакөл бассейні су ресурстарының көлемі 25,2 млрд м3 деп бағаланады, бұл да атом электр станциясын салқындату үшін қажетті көлемнен айтарлықтай көп, сондықтан станция бұл бассейнінің су құрамына кері әсер етпейді. Жалпы, әлемде табиғи су қоймаларының жағасында атом электр станциялары

салуды тәжірибесі кең тараған және атом электр станцияларын пайдаланатын дүниежүзінде станциялардың су қоймасына теріс әсер ету факторлары әлі бірде-бір рет кездескен жоқ.

Керісінше, тәжірибе көрсеткендей, атом электр станцияларын қоршап тұрған экожүйе белгілі бір даму үстінде. Мысалы, атом электр станцияларының салқындатқыш тоғандарында балықтар олардың алуан түрі жиі өсіріледі, кейбір жағдайларда балық аулау бойынша халықаралық чемпионаттар өткізіледі. Сондықтан, сарапшылар атом электр станциясы – базалық қуаттың тұрақты әрі сенімді көзі дегенді зор сеніммен айтады.

Қалдықтар – ол шешілетін мәселе

Шынында да, атом электр станцияларын пайдалану нәтижесінде пайда болатын қалдықтарды жиналуы – атом энергетикасындағы негізгі мәселелердің бірі, бірақ, бұл проблеманы шешудің технологиялық шешімі бар. Атом электр станцияларының қалдықтарын әртүрлі критерийлер бойынша жіктеледі және олардың ең маңыздысы – оның адамдарға және қоршаған ортаға қауіптілігіне тікелей байланысты радиоактивтілік деңгейі. Осы негізде қалдықтар пайдаланылған ядролық отын мен оны қайта өңдеу өнімдері, сондай-ақ, орташа және төмен радиоактивті материалдар кіретін жоғары деңгейдегі қалдықтарға бөлінеді.

Қолданылған ядролық отынды қазіргі уақытта атом энергетикасы дамыған көптеген елдер қайта пайдалануды көздейтін жабық ядролық отын циклінің технологиялары енгізілуде. Бұл технологиялар «Уран-238-ді» жылдам нейтронды реакторлар процесіне қосуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні бұл технологиялар айтарлықтай дамыған. Қайта өңделген материалдан жасалған жаңа отын түрлері атом электр станцияларында белсенді түрде қолданылуда.

Бұл бір жағынан экологиялық жүктемені азайтып, түзілетін қалдықтардың көлемін азайтса, екінші жағынан, уранды пайдалану тиімділігін арттырып, сол арқылы атом энергетикасының шикізаттық базасын кеңей-

теті. Осылайша, жоғары деңгейлі қалдықтардың мөлшері айтарлықтай төмендейді, ал, қалдықтардың көлемі, типті, өңдеусіз болса да, көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларының күл үйінділерінің көлемдерімен салыстырғанда айтарлықтай аз.

АЭС салатын болсақ, елдің ғылыми-техникалық және кадрлық әлеуетін өсіреді. Генерацияның жаңа технологияларын енгізу атом энергетикасына сала-сына ғылыми кадрлардың жаңа буынын қалыптасыруды және жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етеді. Маман бізде жеткілікті. Алаңдауға еш негіз жоқ. Қазақстанда кәсіби ортада көпшілікке жақсы танымал Ұлттық ядролық орталық пен Ядролық физика институты табысты жұмыс істеуде, шетелдік атом электр станциялары үшін отын таблеткалары мен отын жинақтарын шығаратын зауыт салынды. Қазақстанның 4 жоғары оқу орны атом саласы үшін мамандарды дайындайды. «Болашақ» бағдарламасы аясында 2010 жылдан бастап, «Атом өнеркәсібі», «Атом ядросы мен бөлшектері физикасы», «Техникалық физика (Атом электр станциялары мен қондырғылары)», «Ядролық инженерия» мамандықтары бойынша 21 бакалавр, 12 магистр және 1 маман білім алды. Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес, атом электр станциясының жұмыс істеу кезеңінде орта есеппен 2000-ға жуық жоғары және орта арнаулы білімі бар персонал қажет. Осы мақсатта болашақта атом энергетикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Кадрларды даярлау жоспары жеке әзірленіп, қабылданады, оның негізінде қажетті мамандар санын дайындау ұйымдастырылады. Бұл ретте атом электр станцияларының өнеркәсіптік өндірістік персоналының шамамен 20%-ын ядролық білімі бар зауыт қызметкерлері құрайды.

Қысқасы, АЭС салынатын болса, әлеуметтік те экономикалық та мәдени, ғылыми, инфрақұрылым мен инвестициялық ахуал барлығына түгел дерліктей оң әсер ететін болады. Халықтың да әлауқаты артып, тұрмысы түзеледі деген зор сенім мен үміт бар.

Тимур ЖАНТИКИН,
«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры

● ЖАҚСЫНЫҢ ЖҮЗІ ЖАРҚЫН

Бағдат бағындырған биіктер

Қарағанды қаласының мектептерінде ұстаз болған және басшылық қызметтер атқарған белгілі педагог Бағдат Бахтиярқызы Қыстафинамен Қарағанды педагогикалық институтында бірге оқыған курстаспыз.

Жалындаған жас кезіміз, романтика қуып, 1967 жылы ҚарПИ-дің филология факультетіне келіп түстік. Біздің тобымызға Сәбида Телеева апайымыз жетекшілік етті. Тобымыздың алғашқы ұйымдық отырысында староста болып Сәдуақас Торғасев, комсомол ұйымының жетекшісі болып Ұмысай Өзбекбаева сайланды. Енді кәсіподақ ұйымына кім жетекші болады деген кезде таңдауымыз Бағдат Қыстафинаға түсіп, бәріміз бірауыздан қолда болып шықты. Тобымыздың басшылығы осы құрамда оқымызды бітіріп шыққанша өздеріне тапсырылған міндеттерін абыроймен атқарған еді.

Бағдат осы Қарағанды қаласында сол кездегі саусақпен санарлықтай қазақ мектебінің бірі №41 орта мектепті бітірген қаламыз қызы болып шықты. Ауылдан келген бізге қарағанды орысшасы да әжептәуір жатық. Көздірікті, талдырмаш келген, әп-әдемі.

Оқуды бітірген қыздар мен жігіттер қолдарына алған жолдамасымен әр жаққа аттанып кеткен. Содан Бағдатпен осы қалада қайтадан жолықтық. №92 мектепте директор болып жүр екен. Мен онда «Орталық Қазақстан» газетінде қызмет атқарамын. Газетімізде Бағдатпен орыс мектебінде әуелі бастауыш қазақ сыныптарын ашып, кейін таза қазақ мектебінде айналысатын туралы бір орнитесімдіздік мақаласы жарық көрді. Осыдан соң курстасыммен телефон арқылы хабарласқан болатымын.



Мектепте өткен кейбір шараларға шықырып жүрді. Мектепті гимназияға айналдырды. Оған соң Майқұлдықтағы №36 мектепке директор болып ауысқан соң мектепте өтіп жатқан шаралардың кейбіріне қатысып жүрдім. Осындай тыңғылықты еңбек атқарып жатқан Бағдат Бахтиярқызы туралы кезінде мен де өз газетіме мақала жазып, кейін «Азаматтық – асқарым» атты портреттер жинағыма енгіздім.

Бағдаттың әкесі Бахтияр Ысқақұлы Қарағанды қаласының шахталарында еңбек еткен кеші екен. Бірақ әкесі дүниеден ерте өтіп, бес баланы анасы Мараш Нұрмұхаметқызының өзі жеткізді. Бағдат үйдегі тұңғышы болғандықтан, бар ауырталық бір өзінде қалған анасына көмекші болады. Бауырлары Төлеген, Сан-

сызбай, Болат, Мараттарды ізгілікке, бірлікке, адалдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеуге, өзі де жоғары білім алып, бауырларының да жоғары білімді азаматтар болуына үлесін қосады. Бауырлары да әпкесін құрмет тұтып, айтқанынан шықпайтын. Үш бауыры дүниеден ерте өтіп кетті. Түзеу мекемелерінде басшылық қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан, ішкі істер органының запастағы полковнигі, аты бүкіл елімізге мәлім Сансызбай бауыры болса, қазіргі кезде зейнеткер, осы қалада тұрып жатыр.

Бағдаттың ұлы Арман Айтмағанбетұлы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің заң факультетін бітірген. Облыстық әділет басқармасында қызмет атқарып жүргенде әскер қатарына алынып, Ұлттық Ұланда міндетін өтеп келді. Павлодар облыстық Кеңендік бақылау департаментінде бас маман болып қызмет атқарды. Қарағанды қаласында шығатын «Взгляд на события» газетінде бас редактор болды. Қазіргі кезде жеке бизнеспен айналысады. Бес баласы бар.

Курстасым Бағдат институт бітірген соң жолдамамен Нұра ауданына аттанған еді. Өйткені, қаланың қызына қала мектептеріне орналасу қиын болды. Ауданға келген соң мұнда Байтуған ауылындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып ұстаздық жолын бастады. Жоғары оқу орнын жана бітіріп келген алғыр жас талай бастамашылық ұсыныстарымен көзге түсті. Жастық жалынмен іздене еңбек етті, шәкірттерінің жүрегіне жол, әріптестерімен тіл табыса білді. Бастаған істі аяғына дейін тап-тұйнақтай етіп жеткізетін табандылығымен, басқалардан оқ бойы озық тұратын ойының ұшқырлығымен көзге түсті. Соған орай Бағдатты талай мектептерге жіберіп, олардың оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруге барып көмектесті. Сөйтіп, алға қойған мақсатына жету жолындағы алғашқы

қадамы басталып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның болашақ шебер педагог болып қалыптасу жолы да басталды. Мектептің нағыз білім ордасы екендігін, оның жүрегі мұғалім екендігін, нағыз ұстаздық кім көрінгенің қолынан келе бермейтінін жақсы түсінген еді.

Нұрадан соң Абай қаласындағы мектепте еңбек еткен ол Қарағанды қаласына 1980 жылы оралыпты. Мұнда әуелі 97 мектеп-гимназияда, одан соң №48 орыс мектептерінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі, одан соң мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етеді.

Бұл мектептерде еңбек ете жүріп, орыс тілді балаларға қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерін меңгерді. Тек меңгеріп қана қоймай, өзінің жеке тәжірибесін жинақтады. Орыс мектептерінде қызмет атқарған кезде өз ана тілінің жетімдік көріп жүргенін анық байқап, қазақ тілін оқытудың өз әдістемесін жасады. Бұл озық әдістеме қала және облыстық білім беру ұйымдары тарапынан қолдау тауып, үлгі ретінде тарату қажет деп танылды. Соның нәтижесінде Бағдат Бахтиярқызы Алматы, Шымкент, Тараз қалаларында өткен ғылыми-практикалық конференцияларда орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың проблемалары, әдістемесі деген тақырыпта баяндама жасап, өзінің іс-тәжірибесімен бөліскен еді. Сол кезде ол өзінің қазақ тіліне деген сүйіспеншілігінің шексіз екендігін көрсетті. Кей еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген соң бойдағы бұл күштің ағыны асау өзеннің тасқынындай болды.

Қайда еңбек етпесін өзіне де, өзгеге де жоғары талап қоя білетін, педагогикалық міндетті шебер меңгеріп, ісіне жауапкершілікпен қарайтын Бағдат біраз жыл қалалық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша бас маманы (әдіскері) қызметін де абыроймен атқарды.

Кейіннен №36 аралас орта мектепке директор болып ауысқан соң оны таза қазақ мектебіне айналдырды. Ол да оңай жұмыс болған жоқ, «Восток-2» ықшам ауданындағы басқа ұлттардың қарсылығына тап болды. Соған

қарамастан тиянақты және табанды жүргізген жұмыстың арқасында алға қойған мақсатына жетті. Таза қазақша білім беретін мектепке айналдырды. Мұнымен қоймай сол мектептің жанынан шағын орталық (балалар бақшасын) ашты. Ол да бірден жүзеге аса қойған шаруа емес. Оның да өз қиындықтары болды. Дегенмен, бейнеттің де бір зейнеті бар екендігі сөзсіз. Еңбегі ақталып, 1998 жылы Мәскеу қаласында өткен мектеп жанынан шағын орталықтар (балалар бақшалары) ұйымдастыру мәселесіне арналған конференцияға қатысу құрметіне ие болды.

Абыройлы қызмет атқаруына сүйікті жары, белгілі педагог, кезінде Н.Нұрмақов атындағы №2 мектеп-интернатта директор болған, химия ғылымдарының кандидаты Қабылқарім Ахметкәрімұлы марқұмның қолдауы да зор болғандығын жасырмайды. Ол кісі үнемі кенес беріп, жақсы бастамаларға ықпал етіп отырған екен.

Бағдаттың осындай еңбегі атаусыз қалған жоқ. «Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алды, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды. Ыбырай Алтынсарин медалімен, Қарағанды облысы әкімінің, Қарағанды қаласы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. «Қарағанды қаласына – 80 жыл», «Қарағанды облысының білім саласына қосқан үлесі үшін», «Кәсіподақ ардагері» төсбелгілерінің иегері атанды.

Міне, еңбегімен елге танымал, Қарағанды қаласының тұрғындарына аты жақсы мәлім аяулы ана, педагогикалық еңбектің ардагері, бүгінде 75 жасқа толып отырған Бағдат Бахтиярқызы Қыстафинаға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейсіз.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
жазушы, Қазақстанның
Құрметті журналисі,
Қазақстанның Мәдениет
қайраткері

№321

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2024 жылдың 7 қазанынан бастап, «Абыз кен орнында тау-кен жұмыстарын жүргізу салдарын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абыз кенті.

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	24	55.62	76	29	41.34
2	49	24	54.14	76	29	36.13
3	49	24	56.37	76	29	26.05
4	49	25	03.44	76	29	11.28
5	49	25	19.97	76	28	56.63
6	49	25	38.11	76	29	27.16
7	49	25	23.09	76	29	54.07
8	49	25	06.46	76	29	55.25
9	49	25	01.16	76	29	54.69

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С.Аманкелдіна, тел. 8(7121)95-74-01.
Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН: 060641009902. Өкілі: Н.Ж.Темірбаев, тел. 8 (7102) 557671, эл. мекенжайы: Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz.
Жоба материалдары ecorportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап <https://ecorportal.kz> сілтеме бойынша 10 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.
Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 557671 телефон номері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий ведения горных работ на месторождении Абыз» с 07 октября 2024 года.
Территория воздействия: Карагадинская область, Каркаралинский район, пос. Абыз.
Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172) 557671.

Угловые точки

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	24	55.62	76	29	41.34
2	49	24	54.14	76	29	36.13
3	49	24	56.37	76	29	26.05
4	49	25	03.44	76	29	11.28
5	49	25	19.97	76	28	56.63
6	49	25	38.11	76	29	27.16
7	49	25	23.09	76	29	54.07
8	49	25	06.46	76	29	55.25
9	49	25	01.16	76	29	54.69

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдіна А.С., тел.: 8(7121)95-74-01.
Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Темірбаев Н.Ж., тел. 8 (7102) 557671, эл. адрес: Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz.
Материалы проекта размещены на сайте ecorportal.kz и будут до-

● БОКС

Василий ЖИРОВ:

Балқашта туғаным мақтанамын!

«Балқаштың барысы» туған қаласына келді. Даңқты боксшы Василий Жиров қала әкімдігінде шаһар басшысы Сапар Сатаевпен, спортшылармен және журналистермен кездесті. Бұдан соң тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған боксшы атындағы турнирдің ашылу рәсімі мен жекпе-жектің алдыңғы кезеңдері өтті.

Нұрғос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалалық спорт клубында 12-15 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында бокстан ашық біріншілік көпшіліктің көңілінен шықты. Василий Жировтың сыйлығы үшін ұйымдастырылған жарыстың шаршы алаңына Балқаш, Приозерск, Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран және Абай қалаларының спортшылары шықты. 8 команда және 80-ге жуық қатысушы өзара сынға түсті.

– Бұл – біздің пилоттық жобамыз, биылғы бірінші турниріміз. Келесі жылдан бастап, бұл турнирді жыл сайын өткізіп, дәстүрге айналдыруды жоспарлап отырмыз. Келесі жылы сәуір айында Василий Жировтың туған күніне орай өткізу ойымызда. Бұл турнир болашақ жас спортшыларды осы спорт түріне тартып, боксты танымал етеді, – деді «Балқаш қаласы бокс федерациясы» төрағасының орынбасары, жарыстың бас төрешісі Аманжол Макаланин.

Боксшыны қабылдаған қала басшысы спортшының иығына

шапан жапты. Құттықтау сөзін жеткізіп, балқаштықтар былғары қолғап шеберімен мақтанатындығын тілге тиек етті.

– Василий – халқымыздың мақтанышы, өзінің еңбегімен және табандылығымен әлемдік спорт аренасында қазақстандық туды көтерген адам. Мен чемпионға спорттың дамуына қосқан баға жетпес үлесі үшін және еліміздің жас спортшыларына берген шабыты үшін шын жүректен алғыс айтамын. Біз боксшының әр шаршы алаңдағы кездесуін күтіп, тамашалайтын едік. Қазақстанның барлығы өзіңдей мықты спортшысымен әр кезде мақтанады, – деді Сапар Сатаев. Сонымен қатар, боксшының бала күнгі достары, жас спортшылар лебізін білдірді.

– Туған қаламын маған деген ықыласы жүрегімді толқытып жіберді. Балқашта туғаным мақтанамын. Спортта биік жетістікке жетуіме үлесін қосқан бапкерім, марқұм Александр Алачинскийді еске алдым. Менің осындағы бақытты өмірім көз алдыма келді.

Балқаштықтарды мен де ерекше жақсы көремін, – деді Василий Жиров.

Келесі күні Василий жас спортшылармен шеберлік сағатын өткізді.

Балқаш дене шынықтыру және сауықтыру кешенінде даңқты боксшымен елуге жуық бала жаттықты. Ерекше форматтағы дайындықпен өткен шеберлік сағатында әртүрлі жас деңгейдегі балалар мен жасөспірімдер болды. Олар ел мақтанышымен бірге дайындықты пысықтап, артында кейде жүрген сұрақтарын қойды. Еркін әрі ашық әңгіме болды. Балқаш қаласының спорт саласы басшылығы алдағы уақытта осындай үлгідегі жиындары тұрақты өткізуді жоспарлап отырғандығын айтты. Өйткені, бұл өскелең толқын үшін шеберлік шыңдауға керемет мүмкіндік.

Шеберлік сабағынан кейін Василий Жиров спортшылардың бокс қолғаптарына, жеделдеріне және басқа да заттарына қолтаңбасын қалдырды.

Екі күнге созылған шаршы алаңдағы жекпе-жектер қорытындысы бойынша үздік боксшылар анықталды. Балқаштағы «Барс» бокс мектебінің жаттықтырушысы Сәбит Сәкенұлының шәкірті Нұрасыл Болатхан «Үздік боксшы» номинациясымен марапатталды.

Ал, 40 келі салмақта – Ернұр Егінтай (Қарағанды), 42 келі салмақта – Ерсултан Фархатов (Балқаш, «Барс» бокс мектебі), 44 келі салмақта – Нұрбек Төрбек (Балқаш, «Барс» бокс мектебі), 46 келі салмақта – Нұрислам Раталы (Балқаш, «Барс» бокс мектебі), 48 келі салмақта – Нұрасыл Болатхан (Балқаш, «Барс» бокс мектебі), 52 келі салмақта – Дарын Нескен (Қарағанды), 54 келі салмақта – Шығысхан Кенес (Қарағанды), 57 келі салмақта – Самат Асқар (Қарағанды), 60 келі салмақта – Ратмир Агадуллин (Балқаш, «Барс» бокс мектебі), 75 келі салмақта – Азатбек Тілекұлы (Қарағанды) жеңіске жетті.

БАЛҚАШ



43-21-55
Жарнама бөлімінің
байланыс телефоны

**Электрондық
пошта:**
ortalyk.kaz
@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2024 жылдың 7 қазанынан бастап, «Қарағайлы байыту фабрикасының қалдық қоймасын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ст.

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	23	15.71	75	42	42.56
2	49	23	32.43	75	42	10.24
3	49	23	51.69	75	42	37.13
4	49	23	35.00	75	43	8.38

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С.Аманкелдіна, тел. 8(7121)95-74-01.
Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН: 060641009902. Өкілі: Н.Ж.Темірбаев, тел. 8 (7102) 557671, эл. мекенжайы: Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz.
Жоба материалдары ecorportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап <https://ecorportal.kz> сілтеме бойынша 10 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.
Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 557671 телефон номері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту «План ликвидации хвостохранилища Карагайлинской обогатительной фабрики» с 07 октября 2024 года.
Территория воздействия: Карагадинская область, Каркаралинский район, ст. Карагайлы.
Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172) 557671.

Угловые точки

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	23	15.71	75	42	42.56
2	49	23	32.43	75	42	10.24
3	49	23	51.69	75	42	37.13
4	49	23	35.00	75	43	8.38

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдіна А.С., тел.: 8(7121)95-74-01.
Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Темірбаев Н.Ж., тел. 8 (7102) 557671, эл. адрес: Nurbek.Temirbaev@kazakhmys.kz.
Материалы проекта размещены на сайте ecorportal.kz и будут до-

• МЕРЕЙ

Меруештің мерейлі кеші

Кеншілер мәдениет сарайында Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Меруеш Башайқызының «Саған халқым» атты Қарағанды облыстық мәслихаттың 30 жылдығына арналған концерттік кеші өтті. Кешке арнайы облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, қала әкімі Мейрам Қожухов, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының орынбасары Жәнібек Лесбеков, «Отандастар» қорының өкілі Қалыбек Қобландин бастаған біршама зиялы қауым өкілдері қатысты. Сонымен қатар, Моңғолия мен Қытайдан да құрметті қоғнақтар болды.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Арқа төрі ән-думанға бөленді. Бүгін – өте маңызды күн. Арқаның шоқтығы биік әншісінің бірі – ол Меруеш Башай қыздарыңыз. Мінекей, өмірін өнерімен қатар өрген әнші қыздарыңыз әнімен тарту таралғысын тартып, ел көңілін тасытуда. Қазақтың осындай жарық жұлдыздары барда, өнер аспанын бұлт шалмай, ұлттық құндылығымыз дами береді деген сенімдемін, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Расында, тумысынан өнерге өрлігімен келген қазақ қызының дәрежесі артып, даңқы аспандағаны Тәңір тартқан таланттың арқасы көрінеді. Сол бір қос бұрымы желпілдеп, ана алақынан ас ішіп, асыр салған бала кездерін әнші жиі еске алады. Оның айтуынша, өнер екінің біріне берілмейтін бақ. Өнер қонған жан да тандаулы болуы керек.

– Жасымнан анам марқұм «Абыройың артып, бағың жанса, тым асқақтап кетпе. Елден үлкен



ештеме жоқ. Халқыңның сөзін сөйле, өнеріңнің әділ бағасын бешара солар» дейтұғын. Өнерде жүргеніміз 35 жылдың жүзі болыпты.

Мен өнерге адалмын деп айта аламын. Өнерге адалдығым сонша осы уақытқа дейін той кезіп, пұл үшін ән айтып көрмеймін,

яғни, өнерімді сатқан жоқпын. Тек тындарманым мен елімнің киелі сахнасында ғана жүзім жарқын. Осында мені қолдап, ел-елден келген барша қауымға басымды иіп, алғысымды айтамын. Сіздер барда өнер жетім қалмақ емес, – деді кеш иесі.

Өсерлі басталған әсем кештің тізгінін Қазақстан Республикасының Ақпарат саласының үздігі Қымбат Досжан ұстады. Ол әншінің сонау бала кездегі ән орындаушылығынан бастап, бүгінгі жетістігіне дейін тоқталып, әншінің әр кезеңіне анықтама берді. Осыдан соң кеш иесі Меруеш Башай сахна төрінде «Елге сәлем» әнін шырқап, жиналған жұртшылықтың қошеметін алды. Өнер десе, ішкен асын жерге қояр көрерменнің көбі сонша, залда ине шаншар жер болмады.

– Кешегі Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбикие ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздың өрлігін мен естілігін жалдында тұтқан, бүгінгі Бибігүл Төлгенова, Мақпал Жүнісова сынды әншілердің ізбасары – Меруеш Башайқызы сонау Моңғолия елінің Бай-Өлке топырағында 1974 жылы дүниеге келген. Өнер жолында 35 жыл үздіксіз еңбек етіп келеді. Тұңғыш Президенттің арнайы шақыртуымен, өз қалауы бойынша Қарағандыға қоныс аударды. Қарағанды шаһары құшақ жая қарсы алды. Ал, өнердегі еңбек жолын Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікте 2008 жылдан жалғастырып келеді. Қос елдің өнер қайраткері. Халықтың жанашыры депутат, ол елді елдестіріп, елшілік қызмет атқарып жүрген «Әр қазақ менің жалғызым» деп жүрген ұлт жанашыры, – деді кеш жүргізушісі Қымбат Досжан.

Әрине, бұл тұрғыда сөз жоқ сөздің жаны бар. Талай белесті бағындырып, әнімен алты қырды тербеткен қазақ қызына қалай десе де жарасардай. Бүгінде Меруеш Башайдың ән қоржынында қазақ халық әндері, халық композиторларымен қоса өзге елдің де әндері бар. Олар – түріктің халық әні «Хатирла Севгели», Т.Лхагвасурннің «Алсад суугаа ээж» әндері. Тілі басқа болса да, түбі бір түркі халқының әндері әншінің бірегей болмысын одан сайын жарқын еткендей.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Сұңқар Сәкеннің ескерткіші жаңартылды

Шет ауданында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің рухына құрмет көрсетіліп, бұған дейін орнатылған ескерткіші қалпына келтірілді. Сонымен қатар, ұлт перзенті туып-өскен қарашаңырағы жанындағы ескерткіш тақта да заманға сай жаңартылды.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 120 жылдық мерейтойында Қарашілік қыстағында ескерткіш орнатылған болатын. Жылдар өте келе ескерткіштің тозығы жеткен.

Биіктігі бір метрден асатын тұғыр толығымен ауыстырылып, үш метрге жуық жаңа тұғыр гранит таспен қапталды. Одан бөлек, ақын биісті қола түстес реңкке боялған.

Ескерткіштің айналасы сәнделіп, маңайына қырлы тас төселіп, орындықтар, жарықтандыру тіректері және жаңа қоршау орнатылғанын айрықша атап өткен жөн.

– Сапалы материалдар пай-

даланылды, күн батарсяларымен қуаттанатын жарықтандыру және орындықтар орнатылды. Бұрын жазушының әке-шешесі тұрған үйдің аумағы да абаттандырылды. Қазір онда үйдің тек іргетасы ғана қалған. Енді тозған тұсы қайтадан күйіліп, әктелді. Үйдің жанындағы мемориалдық тақта да жаңартылды, – деді Ортау ауылдық округінің әкімі Досан Қуанышбеков.

Арқа жеріндегі елеулі өнегелі іс ескерткіштің салтанатты ашылуына орай белгілі ғалымдар, ақын, жазушы, қоғам қайраткерлері жиналып, қайраткер рухына құрмет көрсетті.

Өз тілшімізден

• ФЕСТИВАЛЬ

Кітапсүйер қауымның басын қосты

Бұқар жырау аудандық мәдениет үйінде өткен «Кітап – ғажайып әлем» фестивалі кітапсүйер қауымның басын қосты. Оны аудандық орталық кітапхана қызметкерлері ұйымдастырып, әдіскері Майгүл Асқарова бастан-аяқ жүргізді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл фестиваль республикамызда осымен үшінші рет бір күнде, бір уақытта өткізіліп отыр, – дейді Майгүл Асқарова. – Оған ауылдық кітапханалардың барлығы атсалысып, ауданымызда кітап оқушылардың қатарын көбейтуді көздедік.

«Кітап – рухани байлық» бөлімін Ақбел ауылдық клубының «Еркетай» би тобының бишілері әсем бимен ашып, одан кейін сахна төрінде аудандық орталық кітапхананың жас оқырмандары Инжу Райымқұл, Айзада Ахметжан, Гаухар Ойгоровбай, Айару Байділдинова, Дарын Елтаев, Ойрат Нұржанұлы «2024 жылғы мерейітер кітаптар» шеруін жасап, жүріп өтті. Бұл мерейітер кітаптардың ішінде биыл туғанына

100 толғаны ЮНЕСКО көлемінде тойланып жатқан жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туындылары да бар. Оның шығармашылығына арналған жеке стенд Мәдениет үйінің фойесінде қойылғанын да айтуға тиіспіз.

Келесі кезекте «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» кезеңінде Айдынгүл Даривхан, аудан мектептерінің оқушылары Балауса Еркінова, Сырым Манкеев, Сырым Байжиен, Төлеген Әділжан қазақ ақындарының өлеңдерін келістіріп, жатқа оқыды.

Ал, фестивальдің екінші «Шығармашылық алаңдар» бөлімі 7 бөліктен құралып, әрқайсының өз атқарар жүгі болды. Мәселен, «Қалқымалы кітап» көрме-креативінде ел көзіне көрсетіліп, ілінген әлем және қазақ әдебиеті классиктерінің қанатты кітаптары қалқып тапталып, қия-



лығынды көкке көтеріп жібереді екен.

«Отбасымен оқимыз» алаңы да үлкен-кішіні кітап оқуға тартудың бір көрінісі болса, Үшпөбе ауылдық кітапханасының «Бір ел – бір кітап» алаңында жазушы Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен

шығармашылығына байланысты сауалдар қойылып, жауап берген оқырмандарға шағын сыйлықтар берілді. Сол сияқты Мұстафин кенті көпшілік кітапханасының «KIPARTIME – 2024» зияткерлік алаңында көрме-сурақ, кітап-инсталляция, «Сықырлы дорба» ойы-

ген үстелге ас мәзірі қойылып, викториналық сұрақтарға жауап бергендер сол дөменен ауыз тиіп жатты.

Бұл жолғы фестивальдің бір қызығы, «GUEST READER PHOTOBOOK» алаңында кітап және оны оқу туралы нақыл сөз, пікірін жазған оқырман фотоға түсіріліп, оның 1 данасы арнайы альбомға жапсырылып, екінші данасы сол адамға тегін беріледі екен. Оны ізденуден жалықпайтын Майгүл Асқарова Павлодар қаласына бір тойға барғанда, «Тілек бұрышынан» көргенін бүгінгі шараға бейімдеп, енгізген көрінеді. Оны сәтті шықты да.

Сондай-ақ, фестиваль барысында «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясына қатысып, өздерінің басы артық кітаптарын кітапханаға тапсырғандар да аз болмады. Сөйтпін, осы күнгі өткен шарада бұқаржыраулық кітапханашылар кітап қорын толықтырып қана қоймай, оқырмандары қатарын молықтырды деуге де болады.

Бұқар жырау ауданы Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 107 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ШИЯШ